<p><b>Дамитов Кадыржан Кабдошевич</b> 1959 жылы туған</p>	<p><i>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2005 ж. қазан - 2007 ж. қазан – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)</li> <li>▪ 2006 ж. мамыр - 2007 ж. қыркүйек - «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</li> <li>▪ 2007 ж. қыркүйек - 2009 ж. ақпан - «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық қоры» АҚ Басқармасының Төрағасы</li> <li>▪ 2009 ж. мамырдан бастап қазіргі уақытта - «Қазақстан қор биржасы» АҚ Президенті</li> </ul>	0	0

<p>Директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы</p>	<p>Директорлар кеңесі төрағасы мен мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақыттағы қызметтік лауазымы</p>	<p>Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың акционерлік қоғам орналастырған жалпы акциялар санына қатынасы - %</p>	<p>Еншілес және тәуелді ұйымдардағы Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) қатынасы - %</p>
<p><b>Елемесов Асқар Раушанұлы</b> 1968 жылы туған</p>	<p><i>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2006 ж. желтоқсан - 2007 ж. ақпан - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</li> <li>▪ 2007 ж. ақпан - 2008 ж. сәуір - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі</li> <li>▪ 2008 ж. тамыздан бастап қазіргі уақытта - «Тройка Диалог Казахстан» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы</li> </ul>	<p>0</p>	<p>0</p>
<p><b>Сатылганов Кайрат Алпамышевич</b> 1965 жылы туған</p>	<p><i>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2005 ж. қыркүйектен бастап қазіргі уақытта - «АЛМЭКС» холдинг тобы» АҚ Басқарма Төрағасы</li> </ul>	<p>0</p>	<p>0</p>
<p><b>Шаяхметова Умут Болатхановна</b> 1969 жылы туған</p>	<p><i>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2005 ж. ақпан - 2009 жылғы қаңтар - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</li> <li>▪ 2009 ж. қаңтардан бастап қазіргі уақытта - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасы</li> </ul>	<p>0</p>	<p>0</p>
<p><b>Кристоф Рэль (Christof Ruehl)</b> 1958 жылы туған</p>	<p><i>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2005 ж. - 2007 ж. - Бас экономистің орынбасары, British Petroleum p.l.c., Лондон</li> <li>▪ 2006 ж. - 2007 ж. - Британ энергетика экономикасы институтының вице-президенті</li> <li>▪ 2007 ж. бастап қазіргі уақытта - Бас экономист және Вице-президент, British Petroleum p.l.c., Лондон</li> <li>▪ 2008 ж. - 2009 ж. - Британ энергетика экономикасы институтының төрағасы, Лондон</li> </ul>	<p>0</p>	<p>0</p>



<p>Директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы</p>	<p>Директорлар кеңесі төрағасы мен мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақыттағы қызметтік лауазымы</p>	<p>Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың акционерлік қоғам орналастырған жалпы акциялар санына қатынасы - %</p>	<p>Еншілес және тәуелді ұйымдардағы Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) қатынасы - %</p>
<p><b>Фрэнк Кайларс (Franciscus Cornelis Wilhelmus (Frank) Kuijlaars)</b> 1958 жылы туған</p>	<p><i>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор (2009 ж. 1 маусымнан бастап)</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2006 жылы бастап қазіргі уақытта - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</li> <li>▪ 2007 жылы - ABN AMRO атқарушы вице-президенті, мұнай және газ /химиялық өнеркәсіп департаментінің бас басшысы</li> <li>▪ 2008 жылы - Royal Bank of Scotland Group plc (RBS Банк) энергетика және ресурстар департаментінің бас басшысы, корпоративтік және инвестициялық банкинг бойынша атқарушы комитеттің мүшесі</li> </ul>	<p>0</p>	<p>0</p>

**Директорлар кеңесі құрамындағы алдыңғы екі жыл ішіндегі өзгерістер:**

<p>Директорлар кеңесі мүшесінің Т.А.Ә.</p>	<p>Директорлар кеңесі құрамына енген мерзімі</p>	<p>Директорлар кеңесі құрамынан шыққан мерзімі</p>	<p>Аталған өзгерістер себебі</p>
<p><b>Павлов Александр Сергеевич</b></p>	<p>2004 ж. наурыз</p>	<p>Қазіргі уақытқа дейін</p>	<p>-</p>
<p><b>Сатылганов Кайрат Алпамышевич</b></p>	<p>2002 ж. қаңтар</p>	<p>Қазіргі уақытқа дейін</p>	<p>-</p>
<p><b>Елемесов Асқар Раушанұлы</b></p>	<p>2007 ж. маусым</p>	<p>Қазіргі уақытқа дейін</p>	<p>-</p>
<p><b>Шаяхметова Умут Болатхановна</b></p>	<p>2009 ж. сәуір</p>	<p>Қазіргі уақытқа дейін</p>	<p>-</p>
<p><b>Кристоф Рёль (Christof Ruehl)</b></p>	<p>2007 ж. маусым</p>	<p>Қазіргі уақытқа дейін</p>	<p>-</p>
<p><b>Фрэнк Кайларс (Franciscus Cornelis Wilhelmus (Frank) Kuijlaars)</b></p>	<p>2009 ж. маусым</p>	<p>Қазіргі уақытқа дейін</p>	<p>-</p>
<p><b>Дамитов Кадыржан Кабдошевич</b></p>	<p>2010 ж. сәуір</p>	<p>Қазіргі уақытқа дейін</p>	<p>-</p>
<p><b>Гэвин Артур (Gavyn Arthur)</b></p>	<p>2007 ж. маусым</p>	<p>2008 ж. ақпан</p>	<p>Берген өтінішіне сәйкес</p>

Директорлар кеңесі мүшесінің Т.А.Ә.	Директорлар кеңесі құрамына енген мерзімі	Директорлар кеңесі құрамынан шыққан мерзімі	Аталған өзгерістер себебі
Марченко Григорий Александрович	2005 ж. ақпан	2009 ж. қаңтар	Берген өтінішіне сәйкес
Арстанбекова Камиля Валерьевна	2001 ж. шілде	2010 ж. сәуір	Берген өтінішіне сәйкес

».

2. «Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамының акциялар шығару проспектісіне № 1 Қосымша мынадай редакцияда берілсін:

### «№ 1 Қосымша

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері  
жалпы жиналысының шешімімен  
(2010 жылғы 23 сәуірдегі № 28 хаттама)  
БЕКІТІЛДІ

## «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ АКЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕ АКЦИЯЛАР ҚҰНЫН АНЫҚТАУ Ә Д І С Т Е М Е С І

### 1-тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Әдістеме Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жасалды және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларын сатып алу кезінде сатып алынатын акциялар құнын анықтау тәртібін анықтайды.

2. Осы Әдістемеді мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) *бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногы* - бағалы қағаздармен мәміле жасау сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талапты орындаусыз жүзеге асырылатын бағалы қағаздардың айналым аясы;
- 2) *бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы* - бағалы қағаздармен мәміле жасау сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге қаржы құралдардың айналым аясы;
- 3) *сауда-саттықты ұйымдастырушы* - қор биржасы және бағалы қағаздарға биржадан тыс нарық бағасын белгілейтін ұйым;
- 4) *орналастырылған акциялар* - бағалы қағаздардың бастапқы нарығында инвесторлар толығымен құнын төлеген Банк акциясы;
- 5) *ҚР* - Қазақстан Республикасы;
- 6) *уәкілетті орган* - бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

3. Осы Әдістеменің әрекеті Банк орналастырған акциялар сатып алынатын мына жағдайларға таралады:

- Банк бастамасымен;
- акционер ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша талап еткен жағдайда;
- акционердің өтініші бойынша;
- сот шешіміне сәйкес.

4. Банк орналастырылған акцияларды құнын өтеп сатып алу шарасын акцияларды одан әрі сату, акционерлер құқығын сақтау (Банк акционерге тиесілі акцияларды ҚР заңнамасына сәйкес сатып алуға міндетті болатын жағдайда), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банк Жарғысына қайшы келмейтін өзге мақсатта жүзеге асырады.

Орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының бейрезидент-акционерлерінен сатып алуды Банк Қазақстан Республикасының резидент-акционерлері үшін белгіленген тәртіп бойынша жүргізеді.

## **2-тарау. БАНКТИҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ**

5. Банк мүддесін ескеріп және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа ала отырып, Банк Басқармасы Директорлар кеңесіне Банктің орналастырған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдау жөнінде өтініш-қолдау хат беруге құқылы. Бұл ретте Банк Басқармасының өтініш-қолдау хатында акцияларды сатып алуға қатысты мынадай ұсыныстар берілуге тиіс:

- 1) Банк орналастырған акцияларды сатып алудың негізділігі және сатып алудың мақсаты;
- 2) орналастырылған акциялардың Банк сатып алуға ұсынатын акциялар саны мен түрі;
- 3) орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы немесе сатып алу бағасын анықтау әдістемесі;
- 4) акцияларды сатып алу жүргізілетін мерзім;
- 5) сатып алудың өзге талаптары.

6. Банк Басқармасының қолдау хатымен келіскен жағдайда Директорлар кеңесі Банк орналастырған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. ҚР-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес акционерлік қоғамдарға олардың орналастырған акцияларын сатып алуға тыйым салатын негіздемелер бар болса, өзі орналастырған акцияларды сатып алуға Банктің құқығы жоқ.

8. Банк сатып алатын акциялар саны оның орналастырған жалпы акциялары санының 25 %-нан аспауы керек, ал Банктің акция сатып алуға жұмсайтын қаржысы оның меншікті капиталының 10 %-нан аспауға тиіс:

- 1) орналастырылған акциялар акционердің талабымен сатып алынатын жағдайда - Банк акционерлерінің жалпы жиналысы осы Әдістеменің 16-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген шешімдердің бірін қабылдайтын күнгі жағдайға сәйкес;

2) орналастырылған акциялар Банк бастамасымен сатып алынатын жағдайда - орналастырылған Банк акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі жағдайға сәйкес.

9. Егер акционерлер сатып алады деп мәлімделген акциялардың жалпы саны Банк сатып алуы мүмкін акциялар санынан асатын болса, акционерлерден сатып алынатын акциялар олардың өздеріне тиесілі акциялар санына пропорционал түрде сатып алынады.

10. Банк сатып алатын акциялардың пропорционалдық коэффициенті мынадай формуламен белгіленеді:

$$K = A / C, \text{ мұндағы:}$$

K - пропорция коэффициенті;

A - Банк сатып алуы мүмкін жалпы акциялар саны;

C - орналастырылған Банк акцияларының сатып алу үшін мәлімделген жалпы акциялар саны.

11. Банктің акционерден сатып алатын акцияларының түпкілікті мөлшері акционердің сатып алу үшін мәлімдеген акцияларының санын пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі.

12. Банктің сатып алған акциялары акционерлердің жалпы жиналысында жиналымды (кворум) анықтау кезінде есепке алынбайды және жалпы жиналыста дауыс беруге қатыса алмайды. Банк сатып алған акциялар бойынша дивиденд есептелмейді және төленбейді.

13. Банк акционерлері осы Әдістемемен танысуға құқылы.

### **3-тарау. АКЦИЯЛАРДЫ БАНК БАСТАМАСЫМЕН САТЫП АЛУ**

14. Акцияларды Банк бастамасымен сатып алу тәртібі:

1) Банк акционерінің келісімімен Банк орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша сатып алуға құқылы. Егер ҚР-ның заңнамасында және /немесе Банк Жарғысында басқаша қарастырылмаса, Банк орналастырылған акцияларды өз бастамасымен сатып алуды Директорлар кеңесінің тиісті шешімі негізінде жүзеге асыра алады;

2) Банк өзі орналастырған акцияларды мына жағдайларда сатып алуға құқылы емес:

- акцияларды орналастыру нәтижесі туралы есеп бекітілгенге дейін (сатып алынатын акцияларды орналастыру нәтижесі туралы есепті уәкілетті орган әлі бекітпеген болса);

- егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Банктің меншікті капиталының көлемі ҚР-ның заңнамасында белгіленген жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерінен азайып қалатын болса;

- егер акциялар сатып алынатын сәтте Банкте төлем қабілетсіздігі немесе банкроттық туралы заңнамаға сәйкес дәрменсіздік белгісі байқалса, не болмаса мұндай белгілер Банкте сатып алу талап етілетін немесе болжанған акциялардың барлығын сатып алу салдарынан пайда болса;

- егер сот шешімі негізінде немесе Банк акционерлері жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Банк таратылатын болса;

- ҚР-ның қолданыстағы заңнамасында және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған өзге жағдайларда;
- 3) Банктің Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімінде сатып алынатын акциялар түрі мен саны, сатып алу бағасы, сатып алу жүргізілетін мерзім және сатып алу талаптары атап көрсетіледі;
  - 4) Банк орналастырған акциялардың жалпы санының бір пайызынан асатын мөлшерін сатып алу туралы хабарландыру Банк Жарғысында анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс;
  - 5) бұқаралық ақпарат құралдарында акционерлер үшін жарияланатын хабарландыруда міндетті түрде сатып алынатын акциялардың түрі, саны, сатып алу бағасы, сондай-ақ сатып алудың басқа да талаптары, сатып алуға өтінім қабылданатын және акцияларды сатып алу жүргізілетін мерзім және бұл мерзім өткеннен кейін Банктің акция сатып алудан бас тартуға құқылы мерзімі көрсетілуі керек;
  - 6) орналастырылған акцияларды сатып алу туралы Банктің Директорлар кеңесінің шешімін Бас банк аталған шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей облыстық және өңірлік филиалдар назарына жеткізеді, өз кезегінде олар бұл ақпаратты тиісінше Банк филиалдарының бақармалары мен бөлімшелеріне жеткізеді;
  - 7) Банктің барлық филиалдарының құрылымдық бөлімшелері жергілікті жердегі акционерлерді алдағы болатын орналастырылған Банк акцияларын сатып алу шарасы жөнінде хабардар етеді (жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жариялау, Банктің барлық филиалдарында тиісті хабарландыру мәтінін ілу, т.б.);
  - 8) Банктің акционерлерден өтінім қабылдайтын мерзімі аяқталғаннан кейін сатып алу үшін мәлімделген акциялардың саны Банк сатып алатын акциялар санынан асып кеткен болса, акционерден бұл акцияларды сатып алу осындай сатып алу жөнінде өтінім берген акционерге тиесілі акциялар санына пропорционал түрде жүргізіледі;
  - 9) акцияларды сатып алуды Банк:
    - сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында;
    - бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында - Тараптардың Акцияларды сатып алу-сату шартына қол қоюы және сатып алу-сату мәмілесін ҚР-ның қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүргізеді.Акцияларды сатып алу-сату шартында сатып алынатын акциялар төлемінің ақшасын аудару үшін міндетті түрде акционердің банктік деректемелері атап көрсетіледі;
  - 10) осы тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ресімдеуді жеке тұлғалар Банктің облыстық /өңірлік филиалдарында, сондай-ақ Банк басқармалары мен бөлімшелерінде іске асырады;
  - 11) осы тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ресімдеуді заңды тұлғалар Бас банкте де, Банк филиалдарында да жүзеге асырады;
  - 12) орналастырылған акцияларды сатып алуға қатысты құжаттарды ресімдеу үшін Банк акционерлерден мерзімі өткен /жарамсыз және уақытша берілген жеке куәліктерді, сондай-ақ ескі нұсқадағы төлқұжаттарды қабылдамайды;

13) акцияны сатып алу бойынша акционермен түпкілікті есеп айырысу Акцияларды сатып алу-сату шартында және /немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

15. Акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі.

Акциялардың сатып алу құнын анықтағанда Банктің Директорлар кеңесі мына төмендегі әдістемелердің бірімен анықталған баға бойынша сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:

- орташа есептелген нарықтық өлшем бағасымен;
- нарықтық құнымен;
- Банктің меншікті капиталының көлемін ескере отырып белгіленген бағамен;
- Банк акцияларын сатып алу бойынша аукцион өткізу арқылы белгіленген бағамен.

**Акцияларды орташа есептелген нарықтық бағамен сатып алу.**

- Банктің орналастырылған акцияларды өз бастамасымен сатып алуы акцияларды сатып алу туралы хабарландыру берілген күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі бағалы қағаздардың қазақстандық ұйымдастырылған рыногында бекітілген мәмілелер бойынша есептелетін акцияның орташа нарықтық бағасымен осы Әдістемеде белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі;
- егер қазақстандық ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында Банк акцияларымен мәмілелер жасалмаған болса, орналастырылған акцияны Банктің сатып алуы туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасын есептеу үшін Банк өз акцияларымен жасалған сауда-саттық көлемі туралы мәліметтерді немесе акциялар бойынша шетелдік бағалы қағаздар рыногында шығарылған депозитарлық қолхаттарды пайдалануы мүмкін. Бұл ретте, егер Банк акциялары бірден шетелдік бағалы қағаздар рыногының бірнешеуінде айналымға жіберілсе, Банк есеп айырысу жүргізгенде бағалы қағаздардың барлық ұйымдастырылған рыногындағы мәмілелер көлемі туралы ақпаратты пайдалануға міндетті;
- акцияның орташа есептелген өлшем бағасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептеледі;

Орналастырылған акцияларды сатып алу туралы Банк хабарландыру жариялаған күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасы мына формуламен есептеледі:

$$C = V / A , \text{ мұндағы}$$

C - орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы отыз күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасы;

V - аталған акциялар бойынша бағалы қағаздардың қазақстандық және /немесе шетелдік рыноктарындағы мәмілелердің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы отыз күнтізбелік күн ішіндегі ақшалай көлемі (аталған кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі);

A - орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы отыз күнтізбелік күн ішінде жасалған мәмілелердегі акциялар

саны (аталған кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі).

#### **Акцияларды нарықтық құны бойынша сатып алу**

Орналастырылған акцияларды Банктің өз бастамасымен сатып алуы Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында қалыптасқан немесе Банк маркет-мейкерінің сұранысқа сәйкес белгілеген бағасымен жүргізілуі мүмкін (Банктің Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күні бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында ағымдағы нарықтық баға жоқ болса). Бұл ретте бағалы қағаздардың ағымдағы нарықтық бағасы ретінде сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес есептелген бір күнгі орташа өлшем бағасы танылады. Бағалы қағаздарды бағалау нәтижесін «Қазақстан қор биржасы» АҚ апта сайын бірінші жұмыс күнінің соңында сауда-саттық ұйымдастырушының Интернет желісіндегі ресми электрондық өкілінің титульдық бетінде жариялайды.

#### **Акцияларды Банктің меншікті капиталының көлемін ескере отырып белгіленген бағамен сатып алу**

Орналастырылған акцияларды Банктің өз бастамасымен сатып алуы Банктің меншікті капиталының көлемін, оның даму болашағын, ҚР заңнамасының екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі заңнама талаптарын орындауын және бағалы қағаздар құнына ықпал ететін басқа факторларды ескере отырып белгіленген бағамен жүргізілуі мүмкін.

#### **Акцияларды Банк акцияларын сатып алу бойынша аукцион өткізу арқылы белгіленген бағамен сатып алу**

Орналастырылған акцияларды Банктің өз бастамасымен сатып алуы Банктің ішкі нормативтік құжаттарында немесе сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Банк акцияларын сатып алу аукционын өткізу арқылы анықталған бағамен іске асырылуы мүмкін.

### **4-тарау. АКЦИЯЛАРДЫ**

#### **АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАП ЕТУІ БОЙЫНША САТЫП АЛУ**

16. Банктің орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алу тәртібі:

- 1) орналастырылған акцияларды Банк акционердің талап етуімен сатып алуға міндетті, акционер мұны мына жағдайларда талап етуі мүмкін:
  - акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта құру туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер акционер Банкті қайта құру туралы мәселе қарастырылған акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және акционерлер жиналысының мұндай шешім қабылдауына қарсы дауыс берген болса);
  - акционерлердің жалпы жиналысы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаған болса немесе бұл жиналысқа қатысқан және акционерлер жиналысының мұндай шешім қабылдауына қарсы дауыс берген болса);

- сауда-саттық ұйымдастырушы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдағанда;
  - ҚР-ның заңнамасында және Банк Жарғысында белгіленген тәртіпке сәйкес қабылданған Банк жасайтын ірі мәміле туралы шешіммен және/немесе жасалуына Банк мүдделілік танытып отырған мәміле туралы шешіммен келіспегенде;
  - акционерлердің жалпы жиналысы Банк Жарғысына акционерге тиесілі акциялар бойынша оның құқығын шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдағанда (егер акционер мұндай шешім қабылданған жалпы жиналысқа қатыспаған немесе бұл жиналысқа қатысқан, бірақ мұндай шешімге қарсы дауыс берген болса);
- 2) осы тармақтың 1) тармақшасында айтылған шешім қабылданғаннан кейін немесе сауда-саттық ұйымдастырушы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдағаннан кейін отыз күннің ішінде акционер өзіне тиесілі акцияларды құнын өтеп сатып алу туралы Банкке өтініш беруге құқылы;
  - 3) Акционердің өзіне тиесілі акцияларды құнын өтеп сатып алу туралы өтініші жазбаша түрде берілуге тиіс, онда акцияларды сатып алу туралы айқын әрі бір мәнді нақты талап қойылады, акционердің сатып алуға ұсынатын акцияларының саны мен түрі және мекен-жайы мен байланыс телефоны көрсетіледі;
  - 4) Акционердің өзіне тиесілі акцияларды құнын өтеп сатып алу туралы өтініші Бас банктің ресми мекен-жайына жіберілуге тиіс;
  - 5) Акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алу жөнінде өтініш бергенде, Банк акцияларды өтініш келіп түскеннен кейін отыз күннің ішінде сатып алуға міндетті. Акционердің өтініші алынған күн ретінде оның өтініші Бас банктің Кеңесінде кіріс хат ретінде тіркелген күн алынады;
  - 6) Банктің Директорлар кеңесі акционердің акцияларын сатып алу туралы талабын өтінішті алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қарастыруға тиіс. Директорлар кеңесі осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген негіздемелер болмаған жағдайда, сондай-ақ ҚР-ның заңнамасында белгіленген және Банктің орналастырылған акцияларды сатуына тыйым салатын басқа жағдайларда Банктің Директорлар кеңесі тиісті шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде акционерге хабарлама жіберіп және бас тартылу себебін көрсете отырып, акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы;
  - 7) Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде өтініш берген акционерге тиісті хабарлама жіберіледі. Онда Банктің Директорлар кеңесі оның акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдағаны, акцияны сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге қажетті құжаттардың тізбесі, сондай-ақ акционер барып жолығуға құқылы болатын Банктің жақын маңдағы облыстық /өңірлік не филиалдың немесе Банк филиалы басқармасының немесе бөлімшесінің мекен-жайы мен телефон нөмірлері көрсетіледі;
  - 8) Банк акцияларды сатып алуды былайша жүргізеді:
    - бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында - сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес;
    - бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында - тараптардың Акцияларды сатып алу-сату шартына қол қоюы және акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ҚР-ның қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүзеге асырады.



Акцияларды сатып алу-сату шартында міндетті түрде акционердің сатып алынатын акцияларына төленетін ақшаны аудару үшін банктік деректемелері көрсетілуге тиіс;

- 9) осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ресімдеу акционердің тұратын жеріне жақын маңдағы Банктің облыстық /өңірлік филиалында, Банк филиалының басқармасында немесе бөлімшесінде жүзеге асырылады не болмаса Бас банктің тиісті жауапты құрылымдық бөлімшесі арқылы жүргізіледі.

17. Акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі:

- 1) Банктің орналастырған акцияларын акционердің талабы бойынша сатып алудың бағасы ҚР-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес нарықтық құнымен, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында қалыптасқан акциялармен жасалатын мәмілелердің нарықтық бағасын немесе Банк акцияларына сұраныс пен ұсыныс бағасын ескере отырып (акционердің өтініші Бас банктің кіріс құжаттар тіркелетін Кеңсесінде тіркеуден өткен күнгі жағдай бойынша), сондай-ақ Банктің меншікті капиталының мөлшерін, Банктің даму жоспарына сәйкес өзгеру болашағын және бағалы қағаздар құнына ықпал етуші басқа да факторларды назарға алу арқылы анықталады;
- 2) акционер Банк ұсынған акцияларды сатып алу бағасымен келіспеген жағдайда тараптар сатып алу бағасын өзара келісім негізінде белгілеуге құқылы. Егер тараптар сатып алу бағасы жөнінде келісімге қол жеткізе алмаса, даулы мәселе ҚР-ның қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіппен шешіледі.

## **5-тарау. АКЦИЯЛАРДЫ**

### **АКЦИОНЕРДІҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША САТЫП АЛУ**

18. Банктің орналастырылған акцияларын акционердің өтініші бойынша сатып алу тәртібі, орналастырылған акцияларды Банктің өз бастамасымен немесе ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен акционердің талап етуі бойынша сатып алу жағдайларын қоспағанда:

- 1) өзіне тиесілі акцияларды сатқысы келетін акционер Банкке өз акцияларын сатып алу жөнінде өтініш жазуға құқылы;
- 2) Акционердің өзіне тиесілі акцияларды Банктің сатып алуы жөніндегі өтініші жазбаша жасалып, онда акцияларды сатып алу-сату мәмілесін бекіту туралы нақты әрі бір мәнді ұсынысы баяндалу қажет. Сондай-ақ акционердің сатуға ұсынған акцияларының саны, сату бағасы және мәміленің басқа да елеулі шарттары, сондай-ақ акционердің мекен-жайы және егер бар болса, байланыс телефондары көрсетіледі;
- 3) Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші Бас банкке жіберілуге тиіс;
- 4) Акцияларды сатып алу тәртібі мен талаптарын Банктің Директорлар кеңесі анықтайды;
- 5) Банк акцияларды сатып алуды былайша жүргізеді:

- бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында - сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес;

- бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында - тараптардың Акцияларды сатып алу-сату шартына қол қоюы және акцияларды сатып алу-сату

мәмілесін ҚР-ның қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүзеге асырады.

Акцияларды сатып алу-сату шартында міндетті түрде акционердің сатып алынатын акцияларына төленетін ақшаны аудару үшін банктік деректемелері көрсетілуге тиіс;

#### 19. Акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі

1) Банктің шығарған акцияларын акционердің өтініші бойынша сатып алу бағасы тараптардың өзара келісімі негізінде белгіленеді. Банктің Директорлар кеңесі Банк Басқармасына сатып алынатын акциялар бағасы туралы акционермен келіссөз жүргізуді тапсыруға құқылы;

2) Банктің орналастырған акцияларының бағасын анықтағанда Банк басшылығы ҚР-ның қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады және бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында қалыптасқан акциялармен жасалатын мәмілелердің нарықтық бағасын немесе Банк акцияларына сұраныс пен ұсыныс бағасын ескере отырып, сондай-ақ Банктің меншікті капиталының мөлшерін, Банктің даму жоспарына сәйкес өзгеру болашағын және Банктің екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі заңнама талаптарын орындауы мен бағалы қағаздар құнына ықпал етуші басқа да факторларды назарға алады.

### **6-тарау. АКЦИЯЛАРДЫ СОТ ШЕШІМІНЕ СӘЙКЕС САТЫП АЛУ**

#### 20. Орналастырылған акцияларды сот шешімі бойынша сатып алу тәртібі:

- 1) заңды күшіне енген тиісті сот шешімі болғанда, Банктің Директорлар кеңесі акционерге тиесілі Банк акцияларын сот шешімі Банкке түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті (егер сот шешімінде басқа мерзім көрсетілмесе). Сот шешімі Бас банктің кіріс құжаттар тіркелетін Кеңсесінде тіркеуден өткен күн аталған шешімнің Банкке түскен күні болып табылады;
- 2) сот шешімі Банкке заңды күшіне енуден бұрын түскен болса, Банктің Директорлар кеңесіне акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауы үшін берілетін он бес күндік мерзім сот шешімі күшіне енген күннен басталады;
- 3) Банктің Директорлар кеңесі Банк акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде акционерге аталған шешімнің қабылданғаны жөнінде хабарлама жіберіледі. Онда Банктің Директорлар кеңесінің акцияларды Банктің сатып алуы туралы шешім қабылдағаны, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге қажетті құжаттар тізбесі, сондай-ақ акционер барып жолығуға тиіс жақын маңдағы Банктің облыстық /өңірлік филиалының, Банк филиалы басқармасының немесе бөлімшесінің мекен-жайы мен телефон нөмірлері көрсетіледі.
- 4) Банктің сот шешімі бойынша акцияларды сатып алу тәртібі осы Әдістеменің акционердің өтініші бойынша сатып алу тәртібін реттейтін 5-тарауының нормаларына сәйкес жүргізіледі.

#### 21. Акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі:

- 1) Банктің орналастырған акцияларын сот шешімі бойынша сатып алу бағасы тараптардың келісімі бойынша белгіленеді (егер сот шешімінде басқаша

анықталмаса). Банктің Директорлар кеңесі Банк Басқармасына Банк орналастырған акцияларды сатып алу бағасы бойынша келісімге қол жеткізу үшін келіссөз жүргізуді тапсыруға құқылы;

- 2) Банктің орналастырған акцияларының бағасын анықтағанда Банк басшылығы ҚР-ның қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады және бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында қалыптасқан акциялармен жасалатын мәмілелердің нарықтық бағасын немесе Банк акцияларына сұраныс пен ұсыныс бағасын ескере отырып, сондай-ақ Банктің меншікті капиталының мөлшерін, даму жоспарына сәйкес өзгеру болашағын және Банктің екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі ҚР-ның қолданыстағы заңнама талаптарын орындауы мен бағалы қағаздарға баға белгілеуге ықпал ететін басқа да факторларды назарға алады.».

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Басқарма Төрағасы

У.Шаяхметова

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Бас бухгалтері

П.Чеусов

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Ішкі аудит департаментінің  
Директоры

О.Дияров